**Орал гуманитарлық –техникалық колледжі**




# «ҮЗДІК СТУДЕНТТІК ПАРЛАМЕНТ-2022»

**Жетекшісі: Отарбай Айнұр Жетіруқызы**





# ҚР президенті Қ.К. Тоқаев

**XXI ғасыр – білім мен біліктің дәірі. Әркім өзінің бәсекеге қабілеттілігін арттыра алады. Ол үшін жастарға  жаңа кәсіптерді, дағдылар мен білімдерді игере отырып, өзіңізді үнемі жетілдіру қажет**

# ПАРЛАМЕНТ ҚҰРЫЛЫМЫ 8 ФРАКЦИЯДАН ТҰРАДЫ

1. Құқық және тәртіп фракциясы.

5. Қамқорлық фракциясы (еріктілік).

2. Ақпарат фракциясы.

6. Мәдениет және өнер фракциясы (музыкалық, көркем шығармашылық).

3. Спорт және салауатты өмір салты фракциясы.

7. Дебат қозғалысының фракциясы.

4. Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы (психология).

8. Экология және еңбек фракциясы.

# Нормативтік құқықтық база


ОРАЛ ГУМАНИТАРЛЫҚ – ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ

Бекітемін ___________
Атқарушы директор
Л.Ж.Ә...
« ___ » ______ 2021ж

Орал гуманитарлық-техникалық колледжі
«Студенттік парламент» білім алушылардың өзін-өзі басқару ұйымының
2021-2022 оқу жылына арналған
ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ


ОРАЛ ГУМАНИТАРЛЫҚ – ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ

Бекітемін ___________
Директордың ОТЖЖО
А.Ж.Отарбай
« ___ » ___ 2021ж

Орал гуманитарлық-техникалық колледжі
Студенттік парламент отырысының кестесі

Орал-2022


ОРАЛ ГУМАНИТАРЛЫҚ – ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ

Бекітемін ___________
Директордың ОТЖЖО
А.Ж.Отарбай
« ___ » ___ 2021ж

Орал гуманитарлық-техникалық колледжі
Студенттік парламент ережесі

Орал-2021


ОРАЛ ГУМАНИТАРЛЫҚ – ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ

Бекітемін ___________
Директордың ОТЖЖО
А.Ж.Отарбай
« ___ » ___ 2021ж

Орал гуманитарлық-техникалық колледжі
Студенттік Парламентті сайлау туралы ережесі







**БІЗДІҢ МЕКЕН ЖАЙЫМЫЗ**

Қазақстан Республикасы
Батыс Қазақстан облысы
Орал қаласы, Қ.Аманжолов көшесі, 108
индекс: 090000
ugtk_108@mail.ru
**Instagram** ugtk_108

**Студенттік парламент жұмысы колледж сайтында және Instagram желісінде тұрақты жарияланып отырады**

## СТУДЕНТТІК ПАРЛАМЕНТ МҮШЕЛЕРІ



***Парламент президенті –***
***«Дене тәрбиесі және спорт мамандығының»***
***4 курс студенті***
***Әділгерей Артур Бақытжанұлы***




1. ***Құқық және тәртіп фракциясының көшбасшысы-***

***Сагидулина Асем Амирханқызы «Қазақ тілі және әдебиеті» мамандығының 3-курс студенті***






**2. Ақпарат фракциясының көшбасшысы-Жамбылова Нұрбақыт**



**3. Спорт және салауатты өмір салты фракциясы көшбасшысы Ескалиев Рустем**



**4. Экология және еңбек фракциясының көшбасшысы- Сражанова Құралай**



**5. Өзін-өзі тану және бақыт фракциясының кошбасшысы- Сансызбаева Гульназ**



**6. Мәдениет және өнер фракциясының көшбасшысы- Бекетова Айкоркем**



**7. Қайрымдылық фракциясының көшбасшысы Рахметкалиева Дарина**



8. Дебат қозғалысы фракциясының көшбасшысы Ануарова Назира

**1-қыркүйек-Білім күніне, Қазақстанның Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік жетістіктері»атты шара**

- 2021 жылы 9-10 қыркүйек күндері колледждің 1-4 курс студенттерінің арасында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі атты халыққа жолдауын талдау жүргізілді. Топ жетекшілері жолдаудың басым бағыттарымен нақты қадамдары туралы ақпараттар беріп, түсіндірді. Жоғарғы курс студенттері жолдауды талдауда өз пікірлерін білдірді.





**ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Тәуелсіздік-ел тірегі» тақырыбында апталық ұйымдастырылды. Аталған апталыққа барлық студенттер белсенді қатысты.**









# Колледжде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру мақсатында жүргізілген, «Sanaly urpaq» жобасы жоспарлы жүргізілуде .


















# Қазақ халқының салт-дәстүрін насихаттау, жастар арасында отбасылық құндылықтарды нығайту бағытында , рухани жаңғыру бағдарламасының мақсатын орындауда кешенді шаралар ұйымдастырылуда.














**БҚО ТжКБ оқу орындары арасында облыс көлемінде Бесік жыры челенджі ұйымдастырылды Шараға колледждің барлық топтары қатысты 4аКШИ топ жетекшісі К.К.Косбаева ата-аналары бесік жырын түсіріп видео ролик әзірлеп ұсынды және 2аКШМ тобының жетекшісі А.Р.Идрисованың жұмыстары жіберілген болатын. Нәтижесінде жұмыстар үздік деп танылып әлеуметтік желіде жарияланды..**

## ҚР Тәуелсіздігіне арналған қызметкерлермен студенттер арасында пневматикалық винтовка атудан жарыс.

- Орал қаласындағы Ауған соғысы ардагерлерін құрметтеуге арналған колледж қызметкерлері мен студенттер арасында пневматикалық винтовкадан ату жарысы өтті. Ер адамдар арасында 1-орынды дене тәрбиесі кафедрасының оқытушысы Е.Б.Мажитов, әйел адамдар арасында 1-орынды педагогика, психология кафедрасының оқытушысы Б.Б.Конарова, 2-орынды дене тәрбиесі кафедрасының оқытушысы А.Б.Кужахметова, 3-орынды орынды педагогика,психология кафедрасының оқытушысы А.Т.Мажитова иеленді.





## «Алғашқы әскери дайындық» бағыты бойынша жұмысының жаңа оқу жылына жоспарын құру, кездесулер ұйымдастыру.

- Парламент мүшелері  Ю. Гагарин атындағы балалар кинотеатрында "Нашақорлыққа жол жоқ" тақырыбындағы тәрбиелік мәні зор жақсы іс шараға қатысты. Іс шара барысында студенттерге адам ағзасына өте қауіпті дерт туралы мәліметтер берілді. Осы тақырыпта "Кеш келген махаббат" атты Қазақфильм түсірген киноны тамашалап студенттер өз ойларын отраға салып талдады.








## «Заңды білу-заман талабы»-құқық қорғау өкілдерімен онлайн кездесу

- Кездесу жоспарлы түрде ZOOM платформасында ұйымдастырылды. Кездесудің негізгі мақсаты студенттерге қылмыстық жауапкершілік туралы түсінік беру, нормативті актілермен таныстыру, құқықтық сауаттылығын дамыту, логикалық ойлау қабілетін, өз бетінше шығармашылық ізденісін арттыру, қылмыстық іс-әрекеттен сақтандыру . Шара барысында Орал қаласының ішкі істер басқармасы, Абай полиция бөлімі, жергілікті полиция қызметі, ювеналды полиция бөлімінің инспекторы, полиция капитаны, учаскелік инспектор Сундетов Бауыржан Қанатович студенттерге құқықтық сауаттылк тақырыбында дәріс оқып түсінік берді. Кәмелет жасына толмағандардың құқығы туралы және оларға қатысты қылмыстық жауапкершілікке тартылу кезінде білім алушының ата-аналарына салынатын айыппұл жөнінде ескертілді. Сонымен қатар бірнеше баптарға тоқталып, мысал келтіріп түсіндірді. Студенттер шара барысында маңызды жаңа мәліметтер алды.





# Колледжде «Ашық жүрек» еріктілер ұйымы осы жылы белсенді жұмыс жүргізді.


















# Ауған соғысы ардагерлерімен кездесу.

- Орал гуманитарлық техникалық колледжінің 1 - курс студент ұл балалар 15.02.2022ж. Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен шыққанына 33 - жыл толу мерекесіне орай Стелла алаңына барып, Ауған соғысы ардагерлерімен кездесті. Ардагерлер Ауған соғысы туралы жақсы мәліметтер айтып, болашақ өмірлеріне ақ жол тіледі.







«Мен, сен, ол - біз дені сау Елміз!» ұранымен «Денсаулық фестивалі - 2021» атты шара ұйымдастырылып, өткізілді.

**Мақсаты:**

- Елбасының «Қазақстан – 2050 стратегиясындағы: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына жолдауын жүзеге асыру ;
- халықтың денсаулығын жақсарту, бұқаралық спортты дамыту;
- ұлт саулығын нығайту, халықтың өмір жасын ұзарту;
- салауатты қоғам құру жөніндегі идеяларын іс жүзіне асыру;
- оқытушылар мен студенттердің салауатты өмір салтын қалыптастыру, спорттық шеберлік деңгейін арттыру.

Колледж студенттері мен оқытушылар спорттық сайстарға белсене қатысты. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер, сыйлықтармен грамоталарға ие болды. Бұл күн бір деммен өтті - барлығы жақсы көңіл –күйде тарады, сергектік пен қуат алды.





2022 жылдың наурыз - сәуір айларында колледжінде 1 курс студенттерімен Азаматтық қорғаныс бойынша оқу – жаттығулары дәстүрлі ұйымдастырылады.



Оралда тұңғыш рет студент жастар арасында ұлттық спорт түрлерінен "Ұлттық қазына" қайырымдылық спартакиадасы Сайысқа қаламыздың 10 нан астам ЖОО мен АОО студенттері арнайы команда жасақтап қатысуда. Арнайы ашылу салтаны өтіп, қатысушылар ұлттық жарыстың алғашқы күнінде: "Асық ату" , "Бес тас" және "Тоғызқұмалақ" ойындарынан бақ сынасты.



Көктемгі бағдарлау-2022" жаяу спорттық бағдарлаудан жастар және ересектер арасындағы Батыс Қазақстан облысының ашық кубогіне Орал гуманитарлық-техникалық колледжінің командасы қатысып, бақ сынады. Бағдарлау барысында команда мүшелері түрлі кезеңдер бойынша спорттық шеберліктерін көрсете білді. 3 күн оздырылған жарыс нәтижесінде спирнт қашықтығы бойынша Лемешева Алина 2 орын және Серікұлы Ерасыл менЖеңісов Азат 3 орынды иеленсе, орта қашықтығында - Аманкелдиева Нұрсезім 2 орын , ұзақ қашықтығында - Аманкелдиева Нұрсезім 3 орын , кросс қашықтығында - Серікұлы Ерасыл 2 орын , Аманкелдиева Нұрсезім 3 орынға қол жеткізді. Облыстық жарысқа қатысуларды дайындағаны үшін жетекші Виктор Айболат Қайсарұлы алғыс хатпен марапатталды.



# ЖЫЛ ЖЕТІСТІГІНІҢ БІРІ

***Орал гуманитарлық - техникалық колледжінің 4бРШФ тобының 4 - курс студенті Сисенова Карина Шамилқызы, Біріккен Араб Әмірлігіндегі, Дубай қаласында өткен ММА әлем чемпионатында жекпе - жек сайыстан шебер өнер көрсетіп, қарсыластарын айқын басымдықпен ұтып, 1 - орынға ие болды.***










# Карате-до шотакан спорты бойынша әлем чемпионы

Колледждің ЗаКШФ тобының студенті Хамидолла Нұркен Турция мемлекеті Стамбул қаласында өтіп жатырған Карате-до шотакан спорты бойынша әлем чемпионатында 3 орынға ие болды!



**Ақжайық ауданы, Чапаев ауылында өткен қазақ күресінен 2001 – 2003 жылы туған жастар арасындағы Республикалық «ЖАС БАРЫС» турниріне облыстық іріктеу жарысында 66 келіге дейін салмақ дәрежесінде колледжіміздің 4а КШФ тобының студенті Ерсайынов Еркебулан 1-орынды жеңіп алып, Республикалық турнирге жолдамаға ие болды.**



Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласында спорттық бағдарлаудан Қазақстан Республикасының чемпионаты өткізілді.

Чемпионатқа республикамыздың өңірлерінен тәжірибелі 160 қа жуық қатысушымен 9 команда қатысты: Нұр-Сұлтан қаласы, Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз қаласы, Батыс Қазақстан облысы, Солтүстік Қазақстан облысы, Алматы қаласы, Павлодар облысы, Қарағанды облысы, Ақмола облысы командасы. Командалар «Орта» қашықтығы, «Ұзақ» қашықтығы, «Бір адамдық эстафета», «Спринт» қашықтығы бойынша сынға түсті. Орал гуманитарлық – техникалық колледждің «Дене тәрбиесі және спорт» мамандығының студенті Серікұлы Ерасыл «Спорт шеберіне үміткері» атағына ие болды.

Жарыс жеңімпаздары арнайы медальдармен, дипломдармен марапатталды.



«Дене тәрбиесі және спорт» мамандығының 3,4 курс студенттері және оқытушылар кәсіптік бағдар беру мақсатында қала мектептерінің 9-11 сынып оқушылары арасында шағын футболдан жарыс ұйымдастырды. Жарыс қорытындысы бойынша:

I орын – №44 Мектеп-гимназиясы командасы

II орын – №10 ЖОББМ командасы

III орын – № 30 ЖОББМ командасы

Жарысқа қатысушылар жақсы дайындықпен келді, жарыс әділетті түрде өткізілді және бұл жарыста колледждің футболмен кәсіптік деңгейде айналысатын спортшы-студенттер төрешілік жұмыстарын атқарды. Жеңімпаздармен мен жүлдегерлер дипломмен және сыйлықтармен марапатталды.



Колледждің 1 - курс студенттері Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне 30 - жыл, Ұлы Жеңіске 77 - жыл толуына орай Сокол әскери бөліміне әскери бөліміне әскери қызметшілердің күнделікті өмірімен, арнайы әскердің жаттығуларымен, техникаларымен, қару – жарақтарымен,арнайы үйретілген иттермен таныстыру мақсатында барды.







Колледжде «Махаббат және шығармашылық педагогикасы» атты онкүндік аясында Музыкалық білім беру мамандығының 2 курс студенттерімен Өзін –өзі тану пәнінің оқытушысы Д.Е.Мазгутова «Махаббат сыйлаймын» тренингін өткізді. Шара барысында әр баланың өз жүрегінде жалпыадамзаттық рухани құндылықтар (Ақиқат, Дұрыс әрекет, Ішкі тыныштық, Сүйіспеншілік, Қиянат жасамау) бар екендігіне көздерін жеткізу. Студенттер жалпы адамзаттық рухани құндылықтар туралы өздерінің пікірлерін жеткізді.









## «Қазақ атын танытсын әлемге үш тұғырлы тіл: Қазақ, Орыс, Ағылшын.» тақырыбында Тілдер мерекесіне арналған шара өтті.

Шараға 1-3 курс студенттері қатысып үш тілде өлең шумақтарын мәнерлеп оқып, ән орындап өз өнерлерін көрсетті. Көрермендерге сұрақтар қойылды. Шара көрермендерге көңілді әсер қалдырды.





Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған "Тәуелсіздіктің жеті қыры" тақырыбында жас дарындар байқауы  Байқау да 1-2 курс студенттері Вокал, аспапта ойнау, мәнерлеп оқу, би, жүргізуші, жүргізушілік шеберлік түрлері бойынша таланттарын көрсетті. Керемет талантты жастар өнерлерімен көңіл күй сыйлады.






17 наурыз күні колледжінде «Береклі Әз Наурыз» мейрамын тойлау шарасы ұйымдастырылды. Әр ауылға алдын ала көнерген ұлттық салт-дәстүрлерді көрсету тапсырмасы берілді. Мерекеге ардагер ұстаздармен ата-аналар қонаққа шақырылды Әр ауыл Аластау, Ат тергеу, ат қою дәстүрі, Ана көрген оқ жанар, Айдар, тұлым, шашбау,Сүйінші, қонақ кәде, байғазы, көрімдік, Табақ тарту, Бастаңғы, Ерулік, Тұсау кесу дәстүрі, шашу, сарқыт тақырыптарында әдет ғұрыппен, салт дәстүрді театрландырылған қойылым түрінде көрсетіп үлкен тәрбиелік мәні бар шара өтті. Сонымен қатар Қазақстан елінде тұратын басқа ұлт өкілдері наурыз мерекесін тойлауы туралы да көріністер қойып қонақтарға ұлттық тағамдарынан ауыз тигізді Қонағымыз ардагер ұстаз Роза Әжмұратовна мен ата-аналар өз кезегінде колледждегі ұйымдастырылып жатырған шаралардың жастарды тәрбиелеудегі маңыздылығын атап ризашылықтарын









# Колледжде Әнші, Қаз КСР, КСРО Халық әртісі, Халық Қаһарманы, Тарлан сыйлығының иегері Роза Тәжібайқызы Бағланованың туғанына 100 жыл толуына арналған шаралар







Колледждің "Музыкалық білім беру" мамандығының 2 курс студенттері Облыстық көру қабілеті бұзылған балаларға арналған арнаулы мектеп- интернатына барып "DOS BOL" жобасы аясында кәсіби бағдар беру мақсатында музыкалық шара ұйымдастырды.







https://www.instagram.com/p/Cceqn2aqMjq/

## Кітап оқуға құштар колледж

Ж.Молдағалиев атындағы облыстық ғылыми кітапханасы қорымен танысты. Жұбан кітапханасына биыл 150 жыл толуына орай ұйымдастырылған көрмемен таныстырылды. Сонымен қатар өлкетану әдебиеттер бөлімі, оқу залы, кітап мұражайы, ақпараттық-библиографиялық бөлім, өнер жөніндегі әдебиеттер бөлімдері шолу жасалып, кітапхана тарихы мен ондағы жәдігерлер жөнінде ақпараттар берілді.





# СЕЙІЛБЕК МЫРЗАБАЙМЕН КЕЗДЕСУ

Облыста «Отбасы хрестоматиясы» қоғамдық қорының сарапшысы, психолог, **Сейілбек Мырзабай** Балалықтан даналыққа кітабының тұсаукесері өтті. Адамның сөзімен ісі сәйкес келгенде бақытқа қол жететінінде әдемі айтып берді. Сонымен қатар:

📌Еркіндік.
📌Жауапкершілік.
📌Ар-ұят.
📌Махаббат.
📌Уәдеде тұру.
📌Кешірім секілді рухани феномендердің мағынасын ашып түсіндірді. Мықты әсерлі кездесу болды. Студенттер автордың қолтаңбасымен кітабын алды.








Колледж белсенділері Орал қалалық кітапханалар жүйесінің ұйымдастыруымен «Бір ел-бір кітап» Республикалық акция аясында ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығын ЮНЕСКО көлемінде және елімізде атап өтіп, шығармаларын насихаттауда «Ұлттың ұлы ұстазы» тақырыбындағы дөңгелек үстелге қатысты. Шарада Қала әкімінің орынбсары, Орал қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы, жоғары орындарының ғалымдары мен оқытушылары, облыстық мәслихат депутаттары, кітапхана қызметкерлері БАҚ өкілдері қатысты. Студенттер бұл шарадан ұлттың ұлы ұстазы бір басында сан- саналы өнер тоғысқан білім иесі қалың елді жарқын болашаққа бастаған Ахмет Байтұрсынұлының жан-жақты қырымен толық танысты. Студенттер ауқымды, танымдық шарадан үлкен әсер алды.





# МАМАНДАРМЕН КЕЗДЕСУ

Есірткіге тәуелділік, есірткіні қолданудың салдары туралы ақпарат беру мақсатында әңгіме-кездесу Сондай-ақ, татуластыру орталығының өкілдері А.Г.Рахишева мен Ұ.Қ.Нурмуханова медиация ұғымы мен түрлері туралы түсінік.





Колледж студенттері Орал қалалық әкімдігінің "Орал қалалық жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталығының " мамандарымен кездесті. Кездесу мақсаты мемлекет тарапынан жастарға беріліп отырған мүмкіндіктермен тансытыру. Орталықтың теолог маманы А.Наурызов студенттерге елдегі жат ағымдар туралы, олардан сақтану, діни басылымдармен рұқсат етілген әдебиеттер туралы ақпарат берді. Жастарға кеңес бөлімінің қызметкері А.Өмірбекқызы жастарға бағытталған түрлі бағдарламалармен таныстырды, кеңес берді. Түрлі сұрақтар қойып кездесуде белсенділік танытқан студенттерге естелік сыйлытқарын ұсынды. Ақпараттық талдау және мониторинг бөлімінің басшысы Сымбат Қыпшақбай жастарға журналистік мамандығы туралы әңгімелеп берді. Студенттер кездесуден мол ақпарат алғандарын айтып, колледж ДТІЖ орынбасары А.Ж.Отарбай қонақтарға алғыс білдіріп, алдағы уақытта бірлесіп жұмыстануға ұсыныс белдірді.





# ДЕПУТАТПЕН КЕНЗДЕСУ

Колледждің 3-4 курс студенттері БҚО іскер әйелдер кеңесінің мүшесі, кәсіпкер әйел, қалалық мәслихат депутаты, еңбекқор тұлға Ашикова Нургуль Ажибаевнамен кездесті. Кездесу барысында көпбалалы қарапайым отбасында тәрбиеленген Нургуль Ажибаевна 5 класта оқыған кезінен бастап еңбекке араласып еңбек жолын бастағанын әңгімелеп айтты. Бүгінгі жеткен жетістігі демалыссыз адал еңбектің арқасында екендігін жастарға жеткізді. Студенттер түрлі бағытта сұрақтар қойып, жылы жүздесу болды. Сонымен қатар бүгінгі жастар әлеуметтік желінің қатты дамыған уақытында шатаспай, жетістікке жету ол тек еңбектің жемісі екенін түсіндірді. Жастарға мотвациялы кездесу болды. Студенттер кездесуден өздеріне мол мағлұмат алғандарын айтып, тілектерін білдірді.





# СТУДЕНТТЕР КҮНІ -2021

Колледжде 08.11-17.11.2021 аралығында «Қызықты көңіл –студенттік өмір» атты студенттер күніне арналған апталық басталды. Апталықтың алғашқы күні колледждің студенттік паламент мүшелері студенттерге арналған флешмобпен бастады. 10.11.21 күні 1-3 курс студенттерінің қатысуымен «Дайын бол», «Будь готов» станция ойыны өтті. Станция ойынының мақсаты: Студенттерді ұжымға біріктіру, ұжымдық міндеттерді атқаруға үйрену. Ақыл-ой әрекетінің әдістерін қалыптастыру. Командада жұмыс істеуге, келіссөздер жүргізуге, талқылауға, қарым-қатынас қабілеттерін дамытуға үйрету болды. Ойын 6 станциядан құралған, студенттер алғашқы станциядан тапсырма мен маршрут парағын алып барлық станцияны өту қажет. Әр станцияда түрлі тапсырмалар берілді ол тапсырмаларды студенттер дайындықсыз сол жерде орындап өздерінің білімдерімен шығармашылықтарын көрсете білді. Шара студенттерге өте жақсы көңіл күй сылады, қызықты өтті.





# ТЕАТР КҮНІ

Солтүстік Қазақстан Облысының " Сәбит Мұқанов атындағы мемлекеттік сазды - драма театрының қаламызға үш күндік іс сапармен келген қойылымына барып рухани азық алып, жақсы демалыс ұйымдастырды.






# Таза қала

«Таза болса табиғат, Аман болар адамзат».- дегендей , табиғат таза болса , адамзат баласы да аман болады. Ал егер табиғат,ондағы ағаштар,біз жұтып жүрген ауа ластанса ,денсаулығымызға зияны тиері анық.





# Дебат қозғалысы бойынша жоспарлы шаралар ұйымдастырылуда

***Сонымен қатар сыни ойлау, логика, студенттердің жеке дамуына әсер ететін азаматтық ұстанымды арттыратын пікірталастар студент жастар үшін трендке айналуда. Дебаттық клубтарды ұйымдастыру жүйелі жолға қойылуда. Колледжде дебаттық клубты ұйымдастыру үшін барлық пән оқытушылары дебаттық ойынның элементтерін сабақтарында қолдану қажет. Топааралық ойындарды ұйымдастыру керек.***







## Көшбасшылардың облыстық, қалалық шығармашылық шараларға қатысып түрлі деңгейде дипломдармен марапатталды.

Хамидолла Нұркен Турция мемлекеті Стамбул қаласында өтікен Карате-до шотакан спорты бойынша әлем чемпионатында 3 орынға ие болды !

Сисенова Карина жастар арасындағы ММА –дан Республикалық Қазақстан кубогін жеңіп алды.

Республикалық «Елі сүйген, елін сүйген Елбасы» байқау Жардем Әділ Бас жүлде

Лемешева Алина Республикалық саябақ бағдарлау спортынана 3 орын.

Лапкина Анна Облыстық «Мемлекеттік тіл-Тәуелсіздік символы» байқауы 3 орын.

Козырева Анастасия Облыстық «Мемлекеттік тіл-Тәуелсіздік символы» байқауы Алғыс хат.

Бекет Айкөркем Облыстық «Күй тектілік тереңі» күйшілер байқауы алғыс хат.

Асылбекұлы Қадыр Облыстық «Күй тектілік тереңі» күйшілер байқауы алғыс хат.

Оралбаев Адилхан Мейірбандық күндері аудандық байқау бас жүлде.




























**2021 жылдың 13 желтоқсан күні жыл бойы облыстық білім басқармасының ұйымдастыруымен өткен «Тәуелсіздік – бабалар аманаты» IY фестивалі қорытындыланып, нәтижесінде колледж ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының арасында өткен «Ұлтымыз Ұлыстың Ұлы күнін ұлықтайды» облыстық байқауының 3 дәрежелі дипломымен марапатталды.**


БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ

III дәрежелі

ДИПЛОМ

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының арасында өткен «Ұлтымыз Ұлыстың Ұлы күнін ұлықтайды» облыстық байқауының жүлдегері

Орал гуманитарлық-техникалық колледжі

МАРАПАТТАЛАДЫ

Басқарма басшысы А.Мынбаева

Орал қаласы, 2021 жыл

**Колледждің көшбасшы студенттері Жамбылова Нұрбақыт, Сагидуллина Асем Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында Нур Отан партиясының Жас Отан жастар қанатының ұйымдастырған шараларына белсенді қатысқаны үшін Алғыс хатпен марапатталды.**





**Алғыс — біреудің екінші біреуге ықыласын білдіруі, рахмет айтуы. Алғысты сөзбен немесе қимыл, іс-әрекет, заттай сыйлық беру, тіпті жақсы қарым-қатынас түрінде де білдіруге болады. Әркім Алғыс алу арқылы өзінің басқалармен қарым-қатынасын, өмірдегі орнын бағалай алады. Қазақ халқының ұғымында неғұрлым көп Алғыс алған адам бақытты болады. “Алғыспен ер көгерер” деген мәтел соған мегзейді. Алғыс – адамның адамға жасаған жақсылығы, көмегі, көңілі үшін ризашылық білдіруі, сондай -ақ оның ойы мен іс — әрекетіне, жасаған істеріне жоғары баға беруі. Жасы үлкен кісілерге құрмет көрсету, сыйлау, жастардың міндеті. Өйткені үлкендер бізге өнеге көрсетеді, жақсы сөздер өсиет айтып тәрбиелеп өсіреді.**

















ӨМІР СҮР, ҒАЛАМШАР!
ҚР БҒМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы
2022 жылғы 1 -25 мамыр аралығында Мектеп парламент мүшелерінің арасында Экологиялық акциясын өткізуде
Талаптары: тақырыпқа сай қызықты бейнероликті дайындау, оны фейсбук әлеуметтік желісіне хэштегтерімен орналастыру
#Балаларжылы2022
#Годдетей2022
ugtk_108 • Подписки
ugtk_108 НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! *ҚР БҒМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы (РҚББОӘО) 2022 жылғы 1 -25 мамыр аралығында Студенттік парламент мүшелерінің арасында Балалар жылына арналған "Өмір сүр, Ғаламшар!" атты Экологиялық акциясын өткізуде.* Талаптары: тақырыпқа сай қызықты бейнероликті дайындау, оны фейсбук әлеуметтік желісіне
#Балаларжылы2022#Годдетей2022#студенттік_парламент#студенческий_парламент хэштектерімен орналастыру.
Акцияның соңында өңірлер бойынша мониторинг жүргізілетін болады. Баршаңызға сәттілік! Внимание! Внимание! Внимание!
*РУМЦДО МОН РК с 1 по 25 мая запускает Экологическую акцию среди членов Студенческого парламента «Живи, Земля!».* Требование: подготовить интересный видеоролик по теме и разместить материалы в фейсбуке, добавив в описании к видеоролику хештег
#Балаларжылы2022#Годдетей2022#студенттік_парламент#студенческий_парламент.
По завершению Акции будет проводиться мониторинг по регионам. Всем желаем удачи!
#oraljastary
#uralskakimat
#oral_ovp
#oralsporty
#oraljastary_job
Нравится i_am_your_sunsettttt и ещё 8
25 АПРЕЛЬ
Добавьте комментарий...






«живи земля!»
группа 1аРДО




**Колледжде өзін-өзі басқару ұйымы, топ белсенділері, оқу үздігі, студенттік парламент жұмысының ақпараттық стенді жұмыс жасайды.**

